



Committed to Excellence

KIMEP UNIVERSITY



**«ТІЛ-ҚҰРАЛ – ҚУАТТЫ КҮШ»
атты халықаралық ғылыми-теориялық
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
29-сәуір 2016 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
международной научно-теоретической
конференции
«ЯЗЫК КАК МЯГКАЯ СИЛА»
29 апреля 2016 г.**

**MATERIALS
of International Scientific-theoretical Conference
«LANGUAGE AS A SOFT POWER»
April 29th 2016**

Environment

<i>Карабаева Б.Н., Рахметова В.Ж., Мадиева З.К.</i> (Тілдік емес жоғары оқу орнында шетел тілін оқыту үрдісінде инновациялық әдістерді пайдалану)	265
<i>Космуратова А.Н.</i> О коммуникативной организации учебно-научного текста	267
<i>Курьшижан А.А.</i> Обучающие технологии для казахского языка: об использовании казахских видео материалов	271
<i>Мамбетова М.К., Мамбетова А.К.</i> Ресми-іскери клишелер: оқыту әдістері	276
<i>Мансурова Г.З.</i> Заманауи ағылшын тілін оқытудағы рөлдік ойын технологиялары	279
<i>Махметова Д.М.</i> Teaching grammar through translation	283
<i>Машинбаева Г.А., Азнабакиева М.А.</i> Қазақ тілінің аудиовизуалды курсының оқыту	286
<i>Нуршаихова Ж.А., Мусаева Г.А.</i> Қарапайымнан күрделіге (қазақ тілін оқыту)	290
<i>Попова Н.В., Нурмуханбетова А.А.</i> Интерактивные методы обучения иностранным языкам	294
<i>Саякова Б.М., Омарова Ш.Б., Сабырбаева Н.К.</i> Жазылым немесе жазба тілінің тілді меңгерудегі маңызы	297
<i>Смагул А.К.</i> Деловая игра как активный метод обучения русскому языку в вузе	300
<i>Смагулова А.С., Сабыржанова Ж.Б.</i> Обучение иностранным языкам на материале тестов	303
<i>Темиргазина З.К.</i> Отбор терминологической лексики для учебного двуязычного англо-русского словаря по биологии для школ с полиязычным обучением	307
<i>Турумбетова Л.А.</i> Motivating and Compulsory Power of Teaching English Nowadays	310
<i>Утебалиева Г.Е., Дюсетаева Р.К.</i> Экспериментальное исследование функций стратегической компетенции	314
<i>Утебалиева Г.Е., Каскабасова Х.С.</i> Индивидуализация обучения языкам в условиях полилингвизма	317
<i>Хайргельдина А.К., Байгозинова Д.Е.</i> «Применение метода «кейс-стади» на практических занятиях по русскому языку для студентов юридических специальностей	321

По окончании дискуссии подводятся итоги, делается обобщенный вывод, к которому пришли ее участники.

Хотелось бы дать совет молодым педагогам: пусть ваши студенты заведут особую тетрадку-разговорник. Для каждой темы оставьте несколько страничек и заполняйте их из урока в урок словами, выражениями, фразами, краткими диалогами и сообщениями, т.е. всем необходимым по теме языковым материалом, который студенты смогут использовать в межличностном общении, в том числе в ролевых играх, деловых играх, групповых дискуссиях.

1. *Максимова В.Н.* Межпредметные связи и совершенствование процесса обучения. – М., 1994. – 257с.
2. *Скалкин И.Л.* Основы обучения устной иноязычной речи. – М., 1991. – 127с.
3. *Колесникова О.А.* Ролевые игры в обучение иностранным языкам. – М., 2009. – 151с.
4. *Пассов Е.И.* Беседы об уроке иностранного языка. – М.:Просвещение, 1988. – 107с.

ЖАЗЫЛЫМ НЕМЕСЕ ЖАЗБА ТІЛІНІҢ ТІЛДІ МЕНГЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Б.М. Саякова, Ш.Б. Омарова, Н.К. Сабырбаева
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада жазылым немесе жазба тілінің маңызы, оны үйрену жолдары, жалпы жазылым дағдысы дегеніміз не? деген сауалға жауап каралады. Оқытушының тіл үйренушіге жазылым тапсырмаларын қызықты етіп беруге арналған мысалдар келтіріледі. Автор жазылым дағдысының артықшылығы және тіл үйренушінің тілдік ортадан тыс жерде де қазіргі заманауи қарым-қатынас құралдары internet, e-mail, sms және тағы басқаларды қолдану арқылы қарым- қатынас жасауға мүмкіндік беретін әлемдік байланыс құралы болып отырған жазылым дағдысының ерекшеліктеріне тоқталады.

Тірек сөздер: жазылым, жазба тілі, жазылым тапсырмалары, жазылымды оқыту тәсілдері, жазылымның артықшылығы.

Тіл үйрену барысында тыңдаушы ауызекі сөйлеу тілін меңгеруді бірінші кезекке қояды. Тілді үйренудің әдетте төрт дағдысы бар. Олар: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдылары. Тіл үйренушілер арасынан кейбір студенттер ауызекі сөйлеуді, оқылым мен тыңдалым дағдыларын ғана дамытқысы келуі мүмкін. Бірақ тіл үйренудегі төрт дағдыны қатар үйрену қажет. Әйтпесе, оның ағылшын тіліндегі алға жылжуы тежеледі және ол келесі деңгейге өте алмайды.

Тиімді әдістерді қолдану студенттің тілді жедел меңгеруіне көмектесетіні айқын. Белсенді әдістер тіл үйренушінің оқып жатқан пәніне деген қызығушылығын арттырып қана қоймайды, оларды шығармашылық өздігімен жұмыс істеуін дамытады, түрлі білім көздерімен жұмыс істеуді үйретеді. Мұндай сабақтар жүргізу жеке тұлғаның жан-жақты дамуына игі ықпал етеді. Әрекеттің жазылым дағдысы ауызекі тілді дамытуға қабілеттендірумен қатар ағылшын тіліндегі грамматикалық дағдыларын бекітеді.

Жазылым бұл графика мен орфографияны меңгере отырып, сөздер мен әріптерді құрастыру процесі.

Жазба тілі бұл белгілі графикалық код көмегімен ойды бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестерінен жазбаша хабарлама құрастыру процесі.

Жазба тілі тілдік және фактілі білімнің сақталуына мүмкіндік береді, ойлаудың сенімді құралы, шетел тілінде сөйлеуге, тыңдауға және оқуға ынталандырады. Салыстыра келе оқылым, тыңдалым, айтылым дағдыларынан жазылым тапсырмаларының үш маңызды артықшылығына тоқталайық:

Жазып отырғанда студент ойланп отырады; Жазып отырғанда студент өз ойын қалыптастырады, идеяларының желісін үзбей, талдап, дұрыс сөйлем құрастырады. Көп ойланса, ми да жақсы жұмыс істейді.

Сөздер белсендіріледі; Жазу барысында студент өзінің сөздік қорында бар бірақ жиі қолданбайтын сөздерді қолдана бастайды.

Егер студент тұрақты түрде әр нәрсе жазатын болса, өзіне өзі таң қалатын болады. Себебі сөздік қорында жатқан түрлі сөздер мен сөз тіркестері белсене қолданыла бастайды.

Жазу қызықты; Егер тіл үйренуші дұрыс тапсырма таңдаса, тапсырма оны шабыттандыратын болса, ол жазудан қаншама рахат алар еді. Өзінің қиялына ерік беріп, жазылым барысымен рахаттанады.

Жазылым тасырмаларын неғұрлым қызықты етіп ұйымдастыру оқытушының шеберлігіне байланысты. Бірнеше тасырма түрлеріне мысал келтірейік:

1. Фильмдерге рецензия жазу. Студентке қатты әсер еткен бір фильмін есіне түсіріп, оның сюжетіне, қойылымына, актерлердің рөлді сомдауына және өзінің эмоциясы туралы рецензия жаздыру.

2. Студенттердің бір бірімен өзінің сүйікті тағам мәзірі турлы бөлісуіне ықпал ету. Студент тағам рецептісін жазғаннан соң оны қандай да бір ас мәзірі форумына жариялауына болады.

3. Психологиялық сауал. Қызықты психологиялық құбылыс туралы сауал ұйымдастыру. Тақырыптар әртүрлі болады, мысалы: жұмыстан рахат алу, жеке өмірдегі бақыт, позитивті көзқарас, қарым-қатынас, кәсіпті таңдау. Оннан жиырма беске дейін сауал ойлап табады. Сол сұрақтарды берілген нұсқаларымен немесе сауалды ашу ретінде қолдана алады.

4. Өмірбаян. Студенттің өзі қызығатын адамның өмірбаянын жаздыру. Егер оның таңдауы белгілі танымал адам болмаса, досы немесе туысы туралы жаздыру керек.

5. Әңгіме-қызықты оқиға. Топ адамға арналған әңгіме жаздыру, кенеттен жазық далаға немесе ну тоғайға түсіп қалғанда орын алатын жағдайлар туралы. Бұған шынайы өмір элементтерін қосуына немесе қиялына ерік беруіне болады.

6. Сарапшы кеңесі. Студентті газеттің бір айдарына жетекші ету. Ол айдарда түрлі қиын жағдайларда не істеу керек деген секілді мәселелер қаралады. Айналада болып жатқан түрлі адамдардың проблемаларын еске түсіріп, 1) газетке проблемалық жағдай жазылады 2) сол проблемалық жағдайға сарапшының кеңесін өзі жазуы керек.

7. Өмірдің бір күні. Ғаламтордан түрі ерекше бейнеленген бір адамның суретін алып, студентке оның күнделікті өмірі қалай өтетіні туралы студенттің өзі ойлап табуға итермелеу және оның өмірінің бір күнін бейнелеп жаздыру. Экзотикалық сурет таңдалса, оның қиялын өрбітуге және жазбаша ағылшын тілі дағысын дамытады.

8. Балалық шақты еске алу. Балалық шақтағы қызықты оқиғаны еске алып жазу. Егжей тегжей еске түсіріп, кейін сол өткен оқиғаны құрастырып жазу.

9. Саяхатшыларға кеңес. Студенттің барған қызықты саяхат орнын, экскурсиясын есіне түсіріп, сол жер туралы өз пікірін жаздырыңыз.

Бұл бірнеше қызықты болуы мүмкін деген жазылым тапсырмалары. Егер студенттің қызығушылығы оянса, кез келген студент ағылшын тілінде жазу дағдысын тез қалыптастыра алады.

Жазылымды студентке үйретудегі негізгі мақсаттың бірі кез келген оқыған адам өзінің туған тілінде жаза алатындай мәтінді тіл үйренушіге ағылшын тілінде жазғызып үйрету. Ол: сауалнама толтыру, түрлі хаттар немесе оларға жауаптар болуы, өз түйіндемесін, өмірбаянын жазу, түрлі өтініштерді жазу, рецензия жазу, аннотация жазу, баяндама жазу, мазмұндама немесе эссе жазу, құттықтау ашықхаттарын жазу болуы мүмкін. Мұндай мәтіндерде мазмұнына және ұйым құрылымына көп көңіл бөлінеді. Дегенмен, хат жазу мәселесі тез шешіле салатын нәрсе емес, ол үшін алдымен лексиканы, грамматиканы, фонетиканы оқу қажет. Жазылым өз бетінше және бақылау жұмыстары лексика мен грамматиканы меңгеруде кеңінен қолданылады.

Жазба тілі бұл графикалық таңбаларға ауыса салатын жәй тіл емес, бұл тәуелсіз, өзграмматикалық ережелері бар. Жазба тілін оқытуда шешілетін міндеттер жазба тілін оқыту мазмұнын меңгерту үшін жағдай жасауға байланысты. Бұл міндеттерге тіл үйренушіде қажетті графикалық автоматизмді, ойлау тілі дағдыларын мен жазба стиліне сәйкес ойды қалыптастыра білуге, танымын кеңітіп, жазба тілі мазмұнын жасайтын мәдени және интеллектуалдық дайын болуын, тілдік стильде және жазба мәтіннің графикалық түрінде мазмұны туралы аутентикалық елестете алуын қалыптастыру.

Жазба тілін үйрену ұзақ және оңай емес, дегенмен егер оны дамыту бойынша жұмыс ерте кезеңнен басталса және бірізділік пен жүйелілік қағидалары сақталса, тез нәтиже береді. Тіл үйренушіге оның жетістігі туралы материалдық растау қажет болса, онда оны өз жазба жұмысынан таба алады. Өз іс -әрекетінің нақты нәтижесін жазба жұмыстарынан көре алады.

Жазылымды немесе жазба тілін оқытудың кезеңдеріне тоқталатын болсақ:

- Графиканы үйрету;
- Орфографияны үйрету;
- Жазбалардың әртүрін оқыту (негізгі ойларды жазу, кәлт сйкйлемдер, жоспар құру, тірек сөздерді жазып алу, мәтіндерді толықтыру немесе қысқарту, тезистер құрастыру);
- Түрлі хат мәтіндерін жазуды үйрету (түйіндеме жазу, түрлі сипаттағы және бағыттағы хаттар, бланкілерді толтыру, мақала жазу, кітапқа, фильмге, көрмеге рецензия жазу, суреттер бойынша түрлі әңгімелер, жеке өміріндегі оқиғалар туралы, нұсқаулық жазу, репортаж жазу және т.б.)

Соңғы екі кезеңге кеңірек тоқталсақ, кейбір идеялар тіл үйренушінің жазба тілін дамытуға сонымен қатар осы іс-әрекетке деген қызығушылығын оята алады деп ойлаймын. Жазба тілінің екі стилі бар бірі кітаби стиль, бірі ауызекі сөйлеу стилі. Кітаби стильге ғылыми, ресми-іскери, публицистикалық және көркем стильдер жатады.

Егер жазылым немесе жазба тілін оқытудың мақсатын нақты анықтаса онда басқа әрекеттердің дамуындағы жазылымның рөлін ескеру керек, оқытудың лайықты кезеңінде мақсатқа толық сәйкес жаттығулар жасатса, ауызекі тіл бірте-бірте бай және логикалы бола түседі. Өз ойын жазбаша түрде мазмұндау жазбаша тілде қаралады. Бұл үшін орфографиялық және каллиграфиялық дағдыларды, тілдік айтылымдарды жазу сондай-ақ тиісті лексикалық және грамматикалық бірліктерді іріктеу шеберлігін меңгеру керек.

Жақсы жазуға қабілеттілік ол кейбір адамдарға ғана тән бір мистикалық талант емес, ол барлық адам үйрене алатын және игеруге қажетті нәрсе. Қандай да бір жұмысты жазуға ықпал ететін бес фактор бар. Олар:

1. Мүмкіндік, жазуға желеу; 2. Мақсат, жазылымға себеп; 3. Тақырып; 4. Оқырман; 5. Өзім жазушы.

Қазіргі таңда жазылым немесе жазба тіліне үлкен көңіл бөлініп отыр. Жазба тілін меңгеру адамға шетел тілін еркін қолданыуына, яғни тілдік ортадан тыс жерде де қазіргі заманауи қарым-қатынас құралдары internet, e-mail, sms және т.б. қолдану арқылы қарым- қатынас жасауға мүмкіндік береді. Жеке және ресми хаттарды жазу мүмкіндігі. Сауалнамаларды толтыру қажеттілігі, құжаттар бланкілерін толтыру тіл үйренушінің тіл үйренудегі жазбаша қарым-қатынасты белсенді меңгеруіне қызығушылығын оятады.

Жазылым оқылыммен тығыз байланысты. Олардың негізінде бірдей тілдің графикалық жүйесі жатыр. Жазылым кезінде де, оқылым кезінде де графемдік-фонемдік сәйкестік орын алады. Оларда тек екі түрлі бағыт бар: оқылым кезінде әріптен дыбыс шығады, ал жазылым кезінде дыбыстан әріпті жазады. Басқаша айтқанда, жазылым кезінде ойды графикалық таңбалар арқылы кодтау немесе шифрлеу жүреді.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша жазылым тіл үйренушінің білімі мен игеруін жүйелеу үшін, олардың өздерін бақылауы және өздерін өздері түзетулеріне жақсы көмектеседі. Жазылымда үлкен мән бар, ол біз қалай ойлаймыз және үйренеміз, сонымен қатар жеке дамуымызға және біздің басқа адамдармен қарым-қатынасымызға ықпал етеді.

Бұл әрекет түрін үйренудің бес себебін көрсетуге болады:

1. Адамдардың ойлауына әсер етеді. Ол бізге ойлау әрекетінде логикалық қабілеттендіреді.
2. Жазылым біздің оқуымызға әсер етеді. Ол біздің ақпаратты іріктеуімізге, таңдауымызға, бастысын анықтап, нақтылауымызға көмектеседі. біздің оқығанымызды есте сақтауымызға көмектеседі.

3. Жазылым бізді ойлауға, оқуға үйрету арқылы жетістігімізді қамтамасыз етеді.

4. Жазылым жеке дамуымызға қабілеттендіреді. Жазылым арқылы біз ойлау, өз жеке тәжірибемізді тереңірек көрсетуді үйренеміз.

5. Жазылым әлеммен байланыс құралы болып табылады.

Қазір шетел тілін меңгеру қалыпты болып келеді, халықаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі ағылшын тілін айтсақ тілді үйрену мақсаты қарым-қатынастық күзиретті қалыптастыру болуда. Оған бірнеше негізгі компоненттер жатады:

Сөйлеуде, оқуда және жазуда коммуникативтік игеру;

Ақпаратты жасауға және түсінуге тілдік білім және тілдік материалдарды меңгеру дағдылары;

Коммуникативтік күзиретті толық қалыптастыруға қажетті әлеуметтік-мәдени білімділікті қамтамасыз ету үшін лингвоелтаным және елтаным білімі.

Қазіргі жағдайда тілдік жоғарғы оқу орындары студенттерінің жазба тілін жоғары деңгейде игеруі жазбаша қарым-қатынас жасау үшін қажетті. Дегенмен студенттердің жазба жұмыстарына сараптама жасағанда төмен деңгей көрсетіп жатады. Бастапқы курстың студенттерінің жазба жұмыстарынамыналар жатады:тақырыпты толық ашу, негізгі ойды қалыптастыру, өз ойын аргументтеу, мәтіннің ішіндегі байланысты қамтамасыз ету, мәтінді дұрыс құру және логикалық дұрыс болуы, оны абзац арқылы мүшелу, мәтінді өз бетінше құрастыру.

Қорыта айтқанда жазба тілін дамыту үшін оның мақсатты және жүйелі бақылануы, жазылым дағдыларын қалыптастыруға шығармашылықпен келу және тапсырмалардың әртүрлі болуы қажетті.

Ағылшын тілін оқыту барасында тұрақты және бірізді студенттің өз ойын ағылшын тілінде жазбаша мазмұндауын дамыту керек. Жазба жұмыстарында тек сауаттылық емес сонымен қатар,

оның лексикалық байлығы мен әртүрлілігі, мазмұндаманың логикасы, айтылымдардың бір-бірімен байланысы, үйреніп жатқан тілдің стилистикалық нормаға сәйкестігі бағаланады.

1. Ботева Е.Г. Развитие умений письменной речи на английском языке в современной школе. – 2010.
2. Вторушина Н.Ю. Письмо и письменная речь в обучении иностранному языку // Альманах современной науки и образования.
3. Штанько Е.В. Совершенствование умений и навыков письменной речи у студентов, изучающих английский язык // Молодой ученый. 2014.
4. Тутатчикова И.Н. Методика обучения письменной речи на английском языке на первом курсе языкового вуза с использованием печатного пособия и компьютерной программы. 2003
5. Попова Т.П. Современные подходы к обучению письменной речи на английском языке
6. Burne D. Teaching writing skills. – Lonman, 1998.
7. Кейбір идеялар How to Teach Writing by Jeremy Harmer кітабынан алынған.

ДЕЛОВАЯ ИГРА КАК АКТИВНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В ВУЗЕ

А.К. Смагул

Университет КАЗГЮУ, Астана, Казахстан
smagul18@mail.ru

В статье обоснована эффективность применения метода деловой игры и его практическое применение. Данный метод рассматривается как целостная система. Проведение деловой игры на занятиях по русскому языку в форме учебных, профессионально ориентированных ситуаций способствует реализации квазипрофессиональной деятельности. Деловая игра представлена как задача творческого уровня, порождающая новые смыслы и цели профессионального развития студента.

Ключевые слова: деловая игра, педагогическая технология, участники игры, проблемная ситуация.

The article proves the efficacy of the method of the business game and its practical using. This method is considered as an integral system. Conducting business games on Russian language lessons in the form of training, professionally oriented situations contributes to the ability to implement professional activities. The business game is presented as a problem of the creative level, generating new meanings and purposes of the student's professional development.

Key words: business game, pedagogical technology, the players, the problematic situation.

В условиях современной казахстанской системы образования особое внимание уделяется применению новейших педагогических технологий, которые способствуют эффективному обучению русскому языку в высшей школе. Одной из этих педагогических технологий является такая интерактивная форма обучения, как деловая игра, направленная на стимулирование и мотивацию учебного процесса, а также на развитие коммуникативных навыков и рефлексии у студентов. Поэтому игровой метод активно применяется нами на занятиях по русскому языку, и участие в деловых играх вызывает большой интерес у наших студентов. Деловая игра – это эффективное средство активизации изученного лексического и грамматического материала, продуктивный путь развития умений и навыков всех видов речевой деятельности.

Перед каждым преподавателем вуза стоит задача сделать свое занятие интересным, увлекательным, добиться того, чтобы студенты проявляли познавательный интерес, повышали творческую активность, а вместе с этим развивали и совершенствовали собственную инициативную речь на русском языке. Следовательно, это и действенный способ мотивации студентов к изучению и совершенствованию русского языка.

Ситуация деловой игры - это отражение ситуации реальной жизни, имитация реального речевого поведения. Создание специфического контекста во время таких игр, моделирование обстановки, приближенной к реальным ситуациям делового общения, во многом способствует вовлеченности в игру и активности студентов. Применение данного метода в процессе обучения русскому языку способствует становлению студента в качестве субъекта не только в ходе проведения но и на этапе подготовки, обеспечивает активную